

КІРІСПЕ

Кез-келген практикалық жұмыстар олардың теориялық элементтері негізінде жүзеге асырылатыны мәлім. Еңбек қорғау іс-шаралары да осы қағидадан тыс қала алмайды.

Еңбек адамына деген қамқорлық оның денсаулығын сақтау, әрбір жұмыс орнындағы қалыпты, жағымды жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету қоғамның да, еңбек ұжымдарының да әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының құрамдас бөлігі.

Бүгінгі өндірістегі техникалық, технологиялық прогресс, жаппай механизациялау мен автоматтандыру, компьютерлендіру мен сандандыру – осының барлығы еңбектің сипаты мен шарттарын түбегейлі өзгерте отырып, ең әуелі, оны ұйымдастырушы тұлғалардың теориялық білім деңгейлерінің жоғары болуын талап етеді. Себебі, заманауи практикалық іс-әрекеттер жеткілікті теориялық дайындықсыз нәтижелі және ең бастысы – қауіпсіз бола алмайтын өмірлік тәжірибе көрсетіп отыр.

Сапалы теориялық біліммен қаруланған практикалық іс-әрекеттер ғана бұл заманауи жүйедегі қауіп-қатерсіз, зиянсыз еңбек жағдайларын қамтамасыз ете алады.

Кез-келген кәсіпорындағы бүгінгі еңбек қорғау – қызметкері ол тиянақты теориялық және техникалық дайындықтан өткен, барлық өндірістік үдерістерге қатысты еңбек қорғауды басқарудың экономикалық, әлеуметтік, психологиялық әдістерін қолдана алатын жетекші мамандардың қатарында. Сондықтан, жоғары еңбек өнімділігі үшін еңбек қорғау мен еңбек жағдайларын одан әрі арттыруға бұл қызметтің шығармашылық деңгейін де көтеру қажет.

Бұл мәселе – техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік проблемалардың жиынтығы болғандықтан, сала қызметкерлерінің еңбек қорғаудағы теориялық та, практикалық та жағынан білімді және замануи ғылыми жетістіктерден толық хабардар болуы – басты талаптардың біреуі екенін айту қажет. Бұл талаптардың қатарына:

- еңбектің ең қауіпсіз жағдайларын жасаудың негізгі бағыттарын;
- еңбек және өндірістік үдерістердің қауіпсіздігін;
- еңбек қорғауға оқытудың әдістемелік жұмыстарын;
- өндірістік тазалық жұмыстарын;
- эргономика талаптары мен еңбек қорғау экономикасын және тағы да

басқа көптеген сұрақтардың теориялық ұғымдары мен элементтерін білу жатады.